

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ МКҚК
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ Б.МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ
№52 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ**

**МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН
САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ**
Таңдау курсының бағдарламасы
3-сынып

НҰР-СҰЛТАН, 2022

Б.Майлин атындағы №52 мектеп –гимназиясының бірлестігінің отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды (2022 жылғы 05.01 №3 хаттама)

Пікір берушілер:

Нүптекеева Г.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Оразахынова Н.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы.

Құрастырушы: Орынбасарова Р.И. Мұқағали Мақатаев шығармаларын сатылай кешенді талдау. Таңдау курсының бағдарламасы. 3-сынып – Нұр-Сұлтан , 2022. – 10 б.

Бұл бағдарлама негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты және жаңартылған білім беру мазмұнын негізге ала отырып, құрастырылды. 3-сыныпқа арналған, Мұқағали Мақатаев шығармаларын сатылай кешенді талдау атты 3-сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарламасы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданып құрастырылған.

Таңдау курсы оқушыларға әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнына үйлестіре отырып, көркем шығарманы олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, логикалық ойлау, сөздік қорын байытып, сауаттылықтарын жетілдіруге баулу.

ТҮСІНІК ХАТ

Бұл бағдарлама 3-сыныптың «Әдебиеттік оқу» пәнінің мазмұнын басшылыққа алып, **Мұқағали Мақатаев шығармаларын сатылай кешенді талдау** атты таңдау курсының «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен меңгеруге арналған.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының тәжірибелік орталығының таңдау пәнінің бағдарламасы (бұдан әрі «Бағдарлама») 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, сонымен қатар ҚР Президентінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі №110 бұйрығына сәйкес ҚР-дағы 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, Мемлекет басшысының 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» және 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы №261 Жарлығына сәйкес Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауына, 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатына, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес әзірленген, типтік оқу бағдарламасына сүйене отырып жасалған.

Еліміздің көптеген мектептерінде біраз жылдан бері бірінші сыныптан бастап негізгі пәндер мен қатар таңдау пәндері «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын басшылыққа алып оқытылып келеді. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді оқыту оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр пәннің ғылыми мазмұны мен жүйесін, талдап үйретумен қатар ойын дұрыс жеткізуге, әдеби тілде сөйлеп үйренуге, ана

тілінің байлығын бағалай білуге баулитын ұлттық төл технология. Ұлттық төл технология дейтін себебіміз қазақ тілін оқытудан бастау алып, халқымыздың әдебиетін, тарихын, жағрафиясын т.б. пәндердің жиынтығын құрап, оқушыларға жан-жақты білім беретін, оларды өз елінде, өз жерінде ұлтының биік тұлғалы азаматы етіп қалыптастыра алатын оқыту. Төл технологияны жасауға өзге елдің озық ой-пікірлерімен қатар алаш арыстарының психология-педагогика, әдістеме саласындағы құнды ғылыми тұжырымдарымен қатар қазақ халқының көрнекті ғалымдарының оқыту, тәрбие туралы жасаған ғылыми еңбектері мен әдістемелік кешендері негіз етіп алынды.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, өз тілінде дітін орындата алатын, қазақ мәдениетін меңгерген тілдік-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрі. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Бұл жүйеге бүгінгі таңда оқушыларымыздың да, мұғалімдеріміздің де қызығушылығы жоғары. Өйткені бұл технологияның әр пәнді оқытудағы алдына қойған мақсаты айқын. Сол арқылы оқушының өз бетінше ойлау, пікірін жасқанбай айта білу, жинақтаған әдеби білім қорын орынды қолдана алуға дағдыландырады, танымдық болмысын қалыптастырады. Сол арқылы оқушылар бірте-бірте шығармашылық ізденіс деңгейіне жетеді. Ал, мұғалімдер қауымының өзара әріптестікте жұмыс жасап, тәжірибе алмасуына да тигізер мүмкіндігі мол.

Жоғарыда айтқанымызда республикамыздың көптеген мектептерінде таңдау пәндерін мұғалімдеріміз осы технологиямен оқытып келеді. Әр мұғалім өзінің қабілетіне, қолындағы материалдарына қарай бағдарламалар жасап, түрлі аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, білім басқармаларының қолдауымен тәжірибелеріне енгізіп келеді.

М.Мақатаев шығармаларын сатылай кешенді талдау бағдарламаның басты мақсаты –қазақтың лирик ақыны М.Мақатаевтың өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту. Ақын өлеңдері арқылы халқына, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ,ана тіліне деген қызығушылығын ояту, көркем шығарманы оқуға деген ынтасын арттыру. Бұл бағдарлама Нұр-Сұлтан қаласындағы №52 Бейімбет Майлин атындағы мектеп-гимназия зертханасының тәжірибесінен туындаған.

Міндеттері:

- қазақ тілі пәнінің мазмұнын, ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін және тақырып мазмұнын ашу арқылы ғылыми түсініктерін кеңейту;
- жазба жұмыстарын сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру;
- «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының он деңгейіне зейін қоя отырып рет-ретімен жүйелі үйреніп, талдаудың түрлі амал-тәсілдерін саналы меңгерген оқушының сапалы білім алуға болатындығына көз жеткізу;
- ана тілі негізінде екінші, үшінші тілдерді меңгерудің негізін қалау;
- пәнаралық байланыс арқылы ғылымдағы өзгерістер мен жаңалықтардың тоғысын зерделеуге үйрету;
- кез келген шаршы топта өз ойын шешен де шебер жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр оқушының өз ана тілінің құдіретін басқаларға таныта, бағалай білуге, талдауға қажетті мақал-мәтел, нақыл сөздер мен шешендік сөдерді жинап, саралап қолдануға машықтандыру, іскерлікке, тапқырлыққа баулу.

Оқушы игеретін құзыреттіліктер:

Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі

- өз әрекетіне мақсат қоя білуге, оны жүзеге асыруға, қажетті жағдайда анықтауға;
- өзі тұжырым жасауға, қойылған міндетті орындауға, технологияны таңдауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық құзыреттілік:

- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, өңдеуге, сақтауға;
- интерпретациялауға, қазіргі ақпараттық коммуникативтік технологияның көмегімен жеткізуді жүзеге асыруға көмектеседі.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- байланыстырып сөйлеуге машықтанады;
- ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауда стиль мен жанрды таңдай білуге бағыттайды;
- үш тілде сауатты, әуезді сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Бағдарлама негізінде төмендегідей нәтижеге қол жеткізеді:

- оқушылардың “Сатылай кешенді оқыту” технологиясы арқылы тіл білімінің салаларын жүйелі түрде сатылап, талдап, әр дыбыстың айтылуын, жазылуын, тілдік тұлғалардың атқаратын қызыметін теориялық және практикалық тұрғыдан сауатты меңгереді;
- тілдің көркемдегіш құралдарын орынды пайдалана білуге үйренеді. Талдау барысында ұлы ойшылдар мен ғұламалар, ақын-жазушылардың

қанатты сөздері мен ана тіл, туған жер, ұлттық-салт дәстүр, тәрбие, қазақ халқының бай философиялық мұралары т.б. туралы айтқан ұлағаты мол толғамдарының, даналық сөздерінің мәтіндерін оқи отырып, өз ұлтына, оның салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігі қалыптасады;

- оқушылардың жазуға деген қызығушылығын арттыруда сатылай кешенді талдауда жазылымның орны ерекше. Жазылым арқылы оқушы сатылай кешенді талдаудың өзіндік жазу тәртібімен танысады, әдемі, сауатты жазуға үйренеді. Жазылым барысында сатылай кешенді талдауда қалыптасқан бірізділік, жүйелілік, теория мен практиканың байланысы, беріктілік ұстанымы жақсы үйлесім табады;
- “Сатылай кешенді оқыту” технологиясында пәнаралық байланыс – оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырудың тағы бір тиімді жолы. Талдауға негіз болатын материалдар әдеби шығармалардан, тарихи оқиғалардан, туған өлке табиғатынан, қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарынан алынғандықтан оқушының ой-өрісін, танымдық қабілетін арттыруға ықпал етеді. Мұндай мысалдарды талдау, түсіндіру, оқушылар санасына сіңіру арқылы сатылай кешенді талдаудың маңызды екендігіне көз жеткізеді.
- оқушының әдеби тіл нормасын сақтап сөйлеуге, тіл мәдениетін меңгеруіне, өз ойын мәнерлі де түсінікті жеткізе білуіне, яғни көңілдегі көрікті ойды көркем сөзбен айта білуге бағыттау. Бұл бағытқа диалог арқылы талдау жатады. Оған сатылай кешендегі ұлттық және іскерлік ойындар, мәселелік жағдаяттарды шешу басшылыққа алынады. Орындалатын мұндай жұмыстар оқушылардың өз беттерінше білім алудың жолдарын іздестіруге бағыттайды. Осы арқылы олар белгілі бір бағытта шығармашылық жұмыстар жасауға дағдыланады.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ
Фонетикалық бірліктерді ықшамдау принципімен және
белгісіздікпен өрнектеу
(4 сағат)

Оқушыларға тілдің фонетика саласын меңгертіп, дыбыстарды дұрыс айту, сөзді сауатты жазу дағдысын қалыптастыру. Буын оның түрлерін, тасымал, екпін, буын үдестігі, дыбыс үндестігі, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтап жазу, айту, тыныс белгілердің қойылу себептерін теориялық та, практикалық та тұрғыдан меңгерту. Фонетика бойынша оқушылар ұғымына түсінікті, жас ерекшелігіне сай бірнеше сөзді немесе сөйлемді ықшамдау принципімен және белгісіздікпен өрнектеп талдай оқыта отырып, логикалық ойлауын, таным көкжиегін кеңейту.

Сөзжасам, морфологиялық бірліктерді сатылай кешенді талдау (23 сағат)

Сөз құрамын, сөздердің жасалу жолдарын қосымшалар, сөздердің лексикалық, грамматикалық мағыналарын, сөз таптарын: зат есім, сын есім, сан есім, есімдікті меңгерту. Әр сөз табының өзіне тән ерекшеліктерін саралай білуге, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу, тыныс белгіні дұрыс қою машықтығын қалыптастыру. Сөз құрамына, сөз таптарынан өткен материалдарға сатылай кешенді талдау жасау дағдысын қалыптастыру. Оқушыларды шағын эссе, әңгіме, ертегілер жазуға дағдыландыру.

Синтаксистік бірліктерді сатылай кешенді талдау (3 сағат)

Синтаксис саласынан сөйлем мүшелері, жай сөйлемнің түрлері жайлы теориялық білім беріліп, оларды сатылай кешенді талдау жүйесімен талдану үлгісін меңгерту. Өтілген материалдар бойынша кесте, сызба жасауға баулу. Көркем әдебиеттен шешендік сөздер, ауыз әдебиеті үлгілерінен мысалдар жинатып, оларды орынды қолдана білу дағдысын қалыптастыру. Синтаксистік талдау барысында жүйелілік, бірізділік ұстанымдарының сақталуына ерекше көңіл бөлу. Сөздерді орынды қолданып, ойды көркем, бейнелі жеткізуге баулу. Оқушыларды ертегі, әңгіме, шығарма жаза білуге үйрету. Тіл білімінің салалары бойынша алған теориялық білімдерін жинақтау, қорытындылау. Сатылай кешенді талдауды тұтас бір жүйеге келтіре талдау дағдысын қалыптастыру. Сатылай кешенді талдау жүргізуде оқушылардың сөйлеу, жазу стильдеріне ерекше көңіл бөлу. Сөзжұмбақ, жұмбақ сұрақтар, тілдік есептер құрастыру машықтығына баулу.

Жат жазу, тест (8 сағат)

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында I жарты жылдықта фонетика, сөзжасам, морфологиялық бірліктерден талдап үйренген материалдарды жатқа жазу талабы қойылады. II жарты жылдықтағы жат жазу талдауды сауатты меңгергендіктерін бақылау мақсатында өткізіледі. Тест дыбыстарды қарапайым символдармен белгілеу арқылы жүргізіледі.

Күтілетін нәтиже:

- Тілдік бірліктерді терең ғылыми негізде меңгерген шын мәніндегі тіл жанашырлары, рухы биік, ұлттық құндылықтарды бағалай білетін елжанды, сөйлеу мәдениеті жоғары парасат иесі, жеке тұлға тәрбиеленеді.

- Түрлі жаттығу жұмыстары арқылы өз ұлтының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойларына сіңірген, ұлттық тұлға қалыптасады.
- Мұғалім мен оқушы және ата-аналар арасындағы әріптестік қарым-қатынас үлкен шығармашылыққа ұласады.
- Мектепшілік ауызша командалық олимпиада өткізіліп, онда жеңіске жеткен оқушылар қалалық олимпиадаға іріктеледі. Қалалық ауызша командалық олимпиаданың жеңімпазы республикалық олимпиадаға жолдама алады.
- Түрлі тақырыптарда өтетін шығармашылық байқауларды өздіктерінен жүргізуге машықтанады.
- Бірінші сыныптан бастап аралық тест және ҰБТ-ға дайындық сапалы жолға қойылады.

Бағдарлама таңдау пәніндегі 68 сағатқа бейімделіп құрастырылған.

**М.МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ
КУРСЫ БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТЫҚ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР
3-сынып**

№	Өтілетін тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі	Оның ішінде	
				Теориялық білім беру	Тәжірибелік білім беру
1	Кіріспе сабақ М.Мақатаев өмірі мен шығармашылығымен танысу	2		1	1
2	Мұқағали Мақатаев «Ақ кимешек көрінсе» өлеңін сатылай кешенді талдау.	3		1	2
3	«Үш бақытым» өлеңін сатылай кешенді талдау.	3		1	2
4	«Жалғыз терек» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
5	«Аққу деген» өлеңін сатылай кешенді талдау.	3		1	2
6	«Туған жерге» өлеңін сатылай кешенді талдау.	3		1	2
7	«Қаздар қайтып барады мекеніне» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
8	«Көктем де келер» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР					
9.	Ж.Машевский. «Ақынның ғылым өлбасы» Алматы, 1998. – 446 б.	3			2
10.	Байтұрсынұлы С. М. «Ақынның ғылым өлбасы» Алматы, 1992. – 444 б.	3		1	2
11.	Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы. – Алматы: Б.Алтынсарин акадemiaсының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.	3		1	2
12.	Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). – Алматы: РБК, 2001. – 72 б.	1		0,5	0,5
13.	Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 110 б.	1		0,5	0,5
14.	«Жігіттер, мақтанбалық» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
15.	«Қазақстан» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
16.	Оразахынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. – Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.	3		1	2
17.	Н.М.Оразахынова! Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. – Алматы: «Дайыр» баспасы, 2007. – 288 б.	3			2
18.	«Қызым бар» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
19.	«Сені де адам дегенге» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
20.	«Қызым бар» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
20.	«Қызым бар» өлеңін сатылай кешенді талдау	3		1	2
22.	«Сәлемдеме» өлеңін сатылай кешенді талдау.	3		1	2
23.	«Мен деген – ырза, мәз бала» өлеңін сатылай кешенді талдау.	3		1	2
24.	Жат жазу	1		0,5	0,5

https://www.youtube.com/watch?v=vqm10OT3V7E&ab_channel=nurzhanNurzhan

11. Менің әкем» әнін тыңдау.

<https://www.youtube.com/watch?v=rGNL6NkJJvk>

12. Оқушыларға бейнефильм көрсету. М. Мақатаевтың өз даусымен оқыған өлеңі. (interesnoe.me/source-31643537/post-5752449)